# Сабақтың тақырыбы:

- Кәсіпкер және кәсіпкерлік
- Етістік.Етістіктің категориялары

# ЖАҢА СӨЗДЕР:

- Кәсіпкер-предприниматель
- Жеке кәсіпкер-индивидуальный предприниматель
- Кәсіпкерлік-предпринимательство
- Шағын-малый
- Орта-средний
- Ірі-крупный
- Делдал-посредник
- Бірлестік-ассоциация
- Мүлік-имущество
- Кепіл-залог

# «Кәсіпкер» және «кәсіпкерлік» терминінің эволюциясы

| Шығу жылы | Автор | Тұжырымдамасы |
|---|---|---|
| 1961 ж. | Д.Маклелланд | Кәсіпкер – қалыпты тәуекелділік жағдайында әрекет ететін қуатты адам |
| 1864 ж. | П.Друкер | Кәсіпкер – кез келген мүмкіндікті максималды пайдамен пайдаланатын адам |
| 1975 ж. | А.Шапиро | Кәсіпкер – инициатива көрсететеін, әлеуметтік – экономикалық механизмді ұйымдастыратын адам. Тәуекелділік жағдайында әрекет етіп, ол мүмкін сәтсіздікке толық жауапкершілікті көтереді |
| 1985 ж. | Р.Хазрич | Кәсіпкерлік – құнға ие қандай да бір жаңаны жасау үрдісі, ал кәсіпкер – осының барлығына қажетті уақыт пен күш жұмсайтын, мадақтауға ақша және қол жеткізгенге қанағаттанушылық алып, өзіне барлық қаржылық, |

**«Кәсіпкер»** (**«антрепренер»** француз сөзі **«делдалдық»** дегенді білдіреді екі мағынада қолданылады түрлі мереке мен музыкалық көріністі ұйымдастырушы және ірі өндірістік немесе құрылыс жобаларын басқарушы. Бұл термин орта ғасырда пайда болған.

**Кәсіпкерлік** – азаматтар мен олардың бірлестіктерінің пайда немесе өзіндік табыс алуға бағытталған бастамашылық дербес қызметі.. Кәсіпкерлікті азаматтар өз атынан, өзінің мүліктік жауапкершілігі кепілдігімен немесе заңды тұлғаның атынан және соның жауапкершілігі кепілдігімен жүзеге асырады. Кәсіпкерлік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысаны арқылы айқындалатын шектегі мүліктік жауапкершілікті көздейді.



MyShared

**Шағын кәсіпкерлік**

Жұмыскерлердің орташа жылдық саны 50 адам

Активтерінің мөлшері 60 000 айлық есептік көрсеткіш

---

**Орта кәсіпкерлік**

Жұмыскерлердің орташа жылдық саны 50 адамнан 250 адамға дейін

Активтерінің мөлшері 325 000 айлық есептік көрсеткіштен аспайды

**Ірі кәсіпкерлік**

Жұмыскерлердің орташа жылдық саны 250 адамнан жоғары

Активтерінің мөлшері 325 000 айлық есептік көрсеткіштен асады

MyShared

- **Жеке кәсіпкерлік** - жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кіріс алуға бағытталған, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өздерінің меншігіне негізделген және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің атынан олардың тәуекелімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі;

- **Дара кәсіпкерлік** - жеке тұлғалардың кіріс алуға бағытталған, жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделген және жеке тұлғалардың атынан олардың тәуекелі үшін және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі;



**Өндірістік кәсіпкерлік** – сауда ұйымдарының сатып алушыларға, тұтынушыларға сату үшін еңбек құралдарын, еңбек күштерін факторларға қолдана отырып тауарлар мен қызметтер өндіретін кәсіпкерлік қызметі.

**Коммерциялық** – тауарларды ақшалай, тауарлы айырбас операциялар мен байланысты кәсіпкерлік түрі. Кәсіпкер саудагер рөлінде болады.

**қаржылық** — бұл кәсіпкерлік ерекше формасы. Сатып алу, сату құралы ретінде: ақша, бағалы қағаздар, құнды қағаздар ретінде жүреді.

**серіктестік кәсіпкерлік** – тауарлы ақшалай операциясындағы тауарлы айырбас процесінде кәсіпкер тек серіктес ретінде ғана қызмет атқарады. Олар тауар тауарларды өндірмейді және сатпайды. Негізгі мақсаты: қызығушылық танытқан екі жақты байланыстырады.

**Табыскер кәсіпкерлер келесі қасиеттері арқылы ерекшеленеді:**

- олардың күнделікті көздейтін мақсаты бар;
- олардың өнімдеріне немесе қызмет түрлеріне деген сенімі шексіз;
- олар әрдайым бір нәрсе жасауға талпынып отырады;
- олар өнертапқыштар;

# ЕТІСТІК ТУРАЛЫ

- **Етістік** -Заттың қимылын сипаттайтын сөз табы етістік деп аталады. Қазақ тіліндегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделі және қарымы ең кең грамматикалық категория.



# Етістік

## Лексика-грамматикалық ерекшеліктері

Заттың қимыл, іс-әрекеті мен амалын білдіреді

*Не істеді? қайтты? не қылды?* деген сұрақтарға жауап береді

**Етістік сөздердің жиі қолданылатын мағыналары:**

- іс-әркет, қимыл: *оқы, жаз, күл т.б.*
- қозғалыс: *өрмеле, еңбекте, қаш, жүз т.б.*
- қалып күйі: *мұңай, қуан, шаттан, күл, өкін т.б.*
- сапалық белгіге қатысты қимыл: *көбей, ұзар, қызар, көгер т.б.*
- бейнелеу-еліктеу мағынасы: *сартылда, тарсылда, жарқылда, пысылда, сақылда т.б.*

**Сөйлемдегі қызметі:**

- баяндауыш: *Назым кітапты көп оқиды. (оқиды)*
- бастауыш: *Оқығаны әңгімелер екен. (оқығаны)*
- анықтауыш: *Оқушылардың әңгіме жазатын тақырыптары да дайын екен. (жазатын)*
- толықтауыш: *Батыр мақтанса, жауға шапқанын айтар* (мақал). *(шапқанын)*
- пысықтауыш: *Әңгімені немерелері қызығып тыңдады. (қызығып)*

## Күрделі етістіктердің құрамы

| | | |
|---|---|---|
| **Негізгі етістік** → | Күрделі етістік құрамында **бірінші** тұратын етістік → | *Негізгі мағынаны білдіреді* |
| **Көмекші етістік** → | Күрделі етістік құрамында **екінші** тұратын етістік. Кейде көмекші етістік біреу емес, бірнешеу болуы да мүмкін → | *Қосымша мағына үстейді* |

myShared




*Құрамына қарай тек бір ғана етістіктен тұрса , ол дара етістік деп аталады. Ал күрделі етістіктер құрамы кем дегенде екі сөзден тұрады.*

# Дара және күрделі етістіктер

- Бір ғана түбірден тұратын етістіктер дара етістіктер деп аталады.
- Мысалы: кел,бар, отыр т.б.

- Екі немесе одан да көп сөздерден құралып, сөйлемде бір мағынаны білдіріп,барлығы бір сөйлем мүшесі болатын етістіктер күрделі етістіктер деп аталады. Мысалы: ойнап жатыр,алып кел т.б.

*Дара етістіктер құрылымына қарай түбір етістіктер және жұрнақ арқылы жасалған туынды етістіктер деген екі топқа жіктеледі.*



***Негізгі етістік*** - *морфологиялық жағынан түбір және жұрнақ деп бөлшектеуге келмейтін түбір етістіктер. Мысалы: аз, ал, айт, алда, арба, ат, ас, аш, ақ, бар, бас, бат, бер.*

***Туынды етістіктер*** – *түбірге арнаулы жұрнақтар жалғану жасалған етістіктер. Мысалы: ой+ла, той+ла, тер+ле, сүр+ле, ем+де, көз+де, тоқпақ+та, іс+те.*


Етістік шақтары
ОСЫ ШАҚ
1. Нақ осы шақ
2. Ауыспалы осы шақ
КЕЛЕР ШАҚ
1. Болжалды келер шақ
2. Мақсатты келер шақ
3. Ауыспалы келер шақ
ӨТКЕН ШАҚ
1. Жедел өткен шақ
2. Бұрынғы өткен шақ
3. Ауыспалы өткен шақ

Іс-әрекеттің орындаушымен, уақытпен байланысты болып, жаққа, шаққа түрленуі етістіктің райы деп аталады. Етістіктің рай категориясының төрт түрі бар:

1) ашық рай,
2) қалау рай,
3) бұйрық рай,
4) шартты рай

# Етістік райлары

## Лексика-грамматикалық сипаты

1. Сөйлеушінің сөзі арқылы қимылдың шындыққа қатысын білдіретін етістік формалары
2. Істің болу, болмауы туралы хабарлау
3. Сөйлеуші көзқарасын көрсететін түрлі модальдық мағыналарды білдіреді

## Түрлері

| Ашық рай | Бұйрық рай | Қалау рай | Шартты рай |
|---|---|---|---|
| **Ашық рай**-осы, келер, өткен шақтағы іс-әрекет сөйлеушінің қимылдың өту, өтпеуі туралы көзқарасын баяндауын көрсетеді | **Бұйрық рай**- іс-әрекеттің орындалуына бұйрық беру, әмір ету мағынасындағы рай түрі | **Қалау рай**-сөйлеушінің қимыл иесінің істі орындау, орындамауға ықыласы ауғандығын, тілегін көрсететін рай түрі | **Шартты рай**- келешек болар істің шартын білдіретін рай түрі |
| *Лəйлə институтта екінші курста оқып жүр. Енді екі жылдан кейін институтты бітіреді* | • І жақ-**йын,-йін,-йық,-йік,-лық,-лік**<br>• ІІ жақ-**ыңыз,-іңіз,-ыңдар,-іңдер,-ыңыздар,-іңіздер**<br>• ІІІ жақ-**сын,-сін** | • **-ғы,-гі,-қы,-кі** тəуелдік жалғауы жəне **кел** көмекші етістігі тіркесуімен<br>• **-са,се** жұрнағына жіктік жалғау жəне **игі еді,екен** сөздері тіркесуімен | • **-са,-се** жұрнағына жіктік жалғау тіркесуімен |

| Бұйрық рай | Қалау рай | | Шартты рай |
|---|---|---|---|
| I. Мен оқиын (келейін)<br>II. Сен оқы (кел)<br>Сіз оқыңыз (келіңіз)<br>III. Ол оқысын (келсін) | Менің оқығым келеді<br>Сенің оқығың келеді<br>Сіздің оқығыңыз келеді<br>Оның оқығысы келеді | Мен оқысам игі еді (оқысам екен)<br>Сен оқысаң игі еді (оқысаң екен)<br>Сіз оқысаңыз игі еді (оқысаңыз екен)<br>Ол оқыса игі еді (оқыса екен) | Мен алсам (көрсем)<br>Сен алсаң (көрсең)<br>Сіз алсаңыз (көрсеңіз)<br>Ол алса (көрсе) |
| I. Біз оқиық (келейік)<br>II. Сендер оқыңдар (келіңдер)<br>Сіздер оқыңыздар (келіңіздер)<br>III. Олар оқысын | Біздің оқығымыз келеді<br>Сендердің оқығыларың келеді<br>Сіздердің оқығыларыңыз келеді | Біз оқысақ игі еді (оқысақ екен)<br>Сендер оқысаңдар игі еді (оқысаңдар екен)<br>Сіздер оқысаңыздар игі еді (оқысаңыздар екен)<br>Олар оқыса игі еді (оқыса екен) | Біз алсақ (көрсек)<br>Сендер алсаңдар (көрсеңдер)<br>Сіздер алсаңыздар (көрсеңіздер) |

MyShared

# Үй тапсырмасы:

- 1. Кәсіп, кәсіпкерлік, делдал,жұмыскер,шағын сөздеріне сөйлемдер құрау.
- 2. Грамматикалық тақырыпқа конспект жазу (Етістік. Етістіктің категориялары).